



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĞY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĞYNA ARNALĜAN ALTYSARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joğarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ғылыми-практикалық конференциясының

MATERIALDARY

III KİTAP



III КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 257 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

4. Манина Ольга Борисовна. Исследовательская деятельность учащихся в процессе изучения естественнонаучных предметов. - Алашты. 2010.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КЕМБРИДЖДІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ МОДУЛЬДЕРІНІҢ ЫҚПАЛДАСУЫ МЕН ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Міркемел А.М
гуманитарлық білімдер магистрі,
Қостанай қ.,
С.Мәуленов атындағы гимназия,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аннотация

Мақалада қазақ тілінің әдістемесіндегі Кэмбридждік оқыту бағдарламасының модульдері мәселесі қарастырылды. Қазақ тілі сабақтарында модульдерді тиімді енгізу мен ықпалдастырудың жолдары сараланды. Оқушыларды ойын толық, нақты жеткізудің жолдары анықталды. Әдіс-тәсілдердің топтамасы жасалынды. Кембридждік оқыту бағдарламасының «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Талантты және дарынды балаларды оқыту», «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану», «Сыр тұрғысынан ойлауға үйрету», «Оқуды және оқу үшін бағалау», «Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай оқыту және оқу» модульдерінің сабақтарда ықпалдасуы қарастырылды. Таланатты және дарынды балаларды оқытуда ғалым Фриманның еңбектері басшылыққа алынды. Райан мен Декидің оқушылардың өздерін ынталандыруға қатысты еңбектері сараланды. «Екі жұлдыз, бір тілек», «+/-қызықты», «Сэндвич» қалыптастырушы бағалаулары айқындалды. Қазақ тілі сабақтарында қолдануға болатын әдіс-тәсілдер көрсетіліп, талданды.

Аннотация

В статье рассмотрены модули Кембриджской учебной программы по методике казахского языка. Были проанализированы способы эффективной интеграции и интеграции модулей в уроки казахского языка. Предоставлены способы полного и точного выражения ответов учеников. Разработан набор методов обучения. Рассмотрены интеграция 7 модулей Кембриджского обучения такие как «Новые подходы в обучении и преподавании», «Обучение критическому мышлению», «Оценивание для обучения и оценивание обучения», «Использование ИКТ, в преподавании образования», «Преподавание и обучение в соответствии возрастными особенностями учеников», «Обучение одарённых и талантливых учеников». Обучение талантливых и талантливых детей ориентировались на работу ученого Фримена. Работа Райана и Деки по поощрению учеников были проанализированы. Также проанализированы методы обучения на уроках казахского языка.

Abstract

The article discusses the modules of the Cambridge curriculum on the methodology of the Kazakh language. Ways of effective integration and integration of modules into the lessons of the Kazakh language were analyzed. Provided ways to complete and accurate expression of student responses. A set of teaching methods has been developed. The integration of 7 Cambridge learning modules such as "New approaches in teaching and teaching", "Teaching critical thinking", "Evaluation for teaching and evaluating training", "Using ICT, in teaching education", "Teaching and teaching in accordance with the age characteristics of students ", " Training gifted and talented students. " Teaching talented and talented children focused on the work of the scientist Freeman. Ryan and Deck's work on encouraging pupils were analyzed. Also analyzed teaching methods at the lessons of the Kazakh language.

Кілт сөздер: Кембридждік оқыту, модуль, қазақ тілі, әдіс-тәсіл, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер».

Ключевые слова: Кембриджская учебная программа, модуль, казахский язык, метод, «Новые подходы в обучении и преподавании».

Key words: Cambridge curriculum, module, Kazakh language, method, "New approaches in teaching and teaching".

Қазіргі таңда «Нені оқытамын?» деген сұрақтан гөрі «Қалай оқыту керек? Қалай оқу керек?» деген сұрақтар өзекті болып тұр. Әрине, оқыту табысты әрі сапалы болуы тиіс. Сапалы оқыту оқушылардың қоршаған орта туралы білімін практика жүзінде қолдана алуымен ерекшеленеді. Оқытудың табысты болуы мұғалімнің біліміне ғана емес, оның бағдарлама модульдерін тиісті деңгейде меңгеріп, сабақ беру процесінде ықпалдастыра алуымен тікелей байланысты.

«Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулі метатануды қарастырады. Метатану – индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау, кейінгі оқу үдерісінде мұндай ойлаудың нәтижелерін саналы қолдану үдерісі [1, 29 бет]. Яғни, оқушы өз білімін өзі қадағалап, дамытып, оны пайдалана алуы тиіс. Оқушының оқуына әсер ету үшін мұғалім Райан мен Деки «ішкі уәж» деп атап өткен, Чиксентмихай «өзіндік мақсат» деп атап өткен ішкі ынтаны дамыту керек. Нәтижесінде, оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады [1,31 бет]. Сондықтан оқушыға сыртқы факторлардан гөрі, ішкі фактор, ішкі уәжі әсер ететіні анық байқалады. Осы ретте Флейвеллдің метатануының үш элементін атап өткен жөн. Алғашқысы білімге қатысты, яғни оқушы өзінің мықты және әлсіз жақтарын саралай алады. Екіншісі тапсырмаға бағытталған, оқушы тапсырманы түсінеді, бағалай алады, оның мақсаты - айқын. Үшіншісі сол тапсырманы орындаудың тиімді стратегияларын біліп, дұрыс қолдануды қамтиды. [1, 36 бет]. Осы модульдің қазақ тілінде кіріктірілуін қарастырар болсақ, алдымен қазақ тілінің әдістемесіне тоқталған жөн. Қазақ тілінің әдістемесі, ең алдымен, оқушыға қандай тілдік категорияларды үйрету керек. қандай әдіс – тәсілдер арқылы үйреткен дұрыс деген мәселелерді қарастырады [2, 3 бет].

Қазақ тілінен сабақ беру барысында Бандураның тиімділік компонентімен тек мұғалімдер ғана емес, әрбір жеке тұлға танысуы тиіс деп санаймын. Компоненттің бір факторына тоқтала кетсем:

1. Қол жеткізген нәтиже: оқушыны сабақ барысында бос мақтамай, қол жеткізген еңбегіне сай мақтау керек. Сондықтан мақтауға тұрарлық болу үшін қоғамға пайдалы іс жасау керек екенін ескерткен жөн [1,26 бет]. Мысалы, қазақ тілі сабағында ережені жақсы айтқанмен, оны пайдалану бар. Егер де оқушы ережені практика жүзінде көрсете алса, қандай да бір іс-шараға қатысқанда, ойын орфографиялық заңдылықтарды сақтап жеткізе алса, оқушыны еңбегіне сай мақтай аламыз. Оқушыларға да бір-бірін өзара бағалауда, топтарды өзара бағалауда тиімді жағына дәлел келтіруін сұрауға болады. «Жарайсың», «дұрыс» деген сөздердің орнына «Айтылғанмен келісемін, себебі». «Мына жері тиімді болды, себебі», «Маған ұнағаны» деген сөз тіркестерін өзара бағалауда көбірек қолдануға үйретуге тиіспіз.

Ғалым Ньюнстың Бразилиядағы көше балаларын математикаға баулуға байланысты туындаған «жағдаяттық таным» тәжірибесіне сүйеніп, оқушыларға берілетін мәліметті белгілі бір жағдайлармен байланыстырған жөн. Жағдаяттық тапсырмалар беріңіз. Әсіресе, үлгерімі төмен оқушылардың қызығушылығын қандай жағдаят арқылы арттыруға болатынына мән берген дұрыс. Мысалы, жаңартылған бағдарламаға сәйкес әлеуметтік желі тақырыбы болғанда, оларға бір жағдаятты атап, оны көрсетіп, шешімін табуды ұсынып, сол диалог барысында көсемшелерді қолдануды талап етуге болады. Сонда олар ережені практика барысында қолданады. *Жағдаят:* Сіздің досыңыз әлеуметтік желіде көп отырады, сондықтан сабағына тиісті деңгейде көңіл бөлмейді. Анасы да баласының телефонын алып қоймайды. Не істеуге болады? Оқушылар жағдаятты көрсетіп, шешімін ұсынғаннан кейін қандай етістіктерде көсемшені қолданғанын атайды.

«Талантты және дарынды балаларды оқыту» модуліне сәйкес, әсіресе, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында дарындарды анықтаған жөн. Себебі олардың қиялының қаншалықты деңгейде дамығаны, сөз байлығының молдығы осы сабақтар барысында анық байқалады. Ғалым Фриман талантты оқушылардың мынадай өлшемдерін анықтаған: есте сақтау және білім, өз білімін жетілдіру, ойлау қабілетінің жылдамдығы, мәселені шешу, икемділік, күрделілікке деген сүйіспеншілік, шоғырлану, ерте символдық белсенділік [1, 67 бет]. Оқушы өз білімін жетілдіру үшін оқушы күнделікті рефлексия жасауы тиіс. Ойлау қабілетінің жылдамдығын арттыру үшін тапсырмаға шектеулі уақыт қою керек. Сабақ барысында ұйымдастырылған дебаттар, дискуссиялар олардың мәселені оңтайлы шешу қабілеттерін арттырады. Тапсырма біркелкі болса, күнделікті қайталанса, оқушылар жалығып кетеді. Қызықты әрі күрделі тапсырманы берсеңіз, оның қызығушылығы арта түседі. Мысалы, себеп-салдар сабақтасты өткенде, мынадай әңгімені ұсынуға болады: *Жанар балетті жастайынан аңсайтын. Қалаға балет театры келетінін білгеннен кейін бірден билет алуға барды. Айтулы күн жақындағанда, ол ауырып қалды. Балетке бара алмады. Неліктен Жанар балетке бара алмады?* Оқушылар сұраққа толық жауап береді. Күтілетін жауап: Жанар ауырып қалғандықтан, балетке бара алмады. Яғни, бұл себеп-салдар сабақтас құрмалас сөйлем болады. Әңгімені себеп-салдар сабақтас құрмалас сөйлемді қолдана отыра, әңгімені жалғастыруды ұсынсаңыз, олардың қиялдары дами түседі. Зейінін шоғырландыру үшін сабақ барысында бес-алты тапсырма емес, тек мақсатқа негізделген екі-үш тапсырма төңірегінде жұмыс істелуі тиіс. Ал ерте символдық белсенділіктерін дамыту үшін ерте сөйлей бастаған бала тілін дамытыңыз. Талантты және дарынды балаларды қазақ тіліне оқытуда хат және күнделік жаздыртқан дұрыс. Хат – туыстар, достар арасында, сондай-ақ мекеме басшыларының жүзбе-жүз пікір алысуларына мүмкіндік болмаған жағдайда өзара қарым-қатынас жасап, пікір алысатын құрал [3, 69 бет].

Хат жаза білу – үлкен өнер. Бұл туралы М.Әуезовтің мына бір сөзі ойға оралады: «Хат көркем шығармашылық еңбек боларлық дәрежеде жазылу керек. Шығармашылық жолға жасалған алғашқы қадам хат жазудан басталады. Оған жеңіл-желпі қарауға болмайды» [1,69 бет]. Ғалым Ш.Бектұров пен ғалым Ә.Хасеновтердің зерттеуінше, хат жазуды үйрету үшін хат үлгілерін көрсеткен жөн. Жалпы амандықты білдіріп жазатын қарапайым хаттың үлгісін Ыбырай Алтынсариннің шығармаларынан мысал ретінде тауып, бір оқушыға оқытып, талдау жүргізу керек. Кейін үлгіге қарап, оқушылар жұп болып, бір-біріне хат жазады [3,9 бет]. Сонымен қатар, қазіргі таңда «Досыңа хат, Ғашығыңа хат, Отаныңа хат» деген нұсқаларды ұсынуға болады. Шығарма кейіпкеріне де хат жаздыртуға болады. Бастысы – критерий мен дескрипторлардың болуы. Мысалы, үстеу тақырыбын өткенде, «соғыстағы ағаңа хат жаз, хатыңның ішінде үстеулер қолданылсын» деген тапсырманы ұсынуға болады. Қарапайым күнделік жазуды күнделікті жүзеге асыру да өз нәтижесін береді. Алайда оқушылар барлық оқиғаны жазбайды, тек бүгінгі сабақтан *не өтті, нені үйренді, не қызықты болды, нені әлі де үйренгісі келетінін* жазса, олардың сауаттылықтары арта түседі. Аталмыш тапсырмалардың барлығы да бағалануы тиіс. Бірақ бұрынғыдай оқу бағаланбайды, баға қойылмайды, тек оқушыларды оқу үшін ынталандырамыз. Олар өздерінің, өзгелердің мықты тұстарын атап, жетілдіретін тұстарын ескертуі тиіс.

Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі [1, 53 бет]. Қазіргі таңда жаңартылған бағдарламада қалыптастырушы бағалау деп аталынады. Қалыптастырушы бағалау «Екі жұлдыз, бір тілек», «+/-/қызықты», «Сэндвич» бағалаулары арқылы жүзеге асады. Оқушылар басқа оқушының тапсырманы қаншалықты деңгейде орындағанын сөз еткенде, оның тиімді тұсын атап, ұнағанын айтып, жетілдіретін тұсын ескертеді.

Оқушылардың бір-бірін бағалауы, өз ойын дәлелдеуі диалог арқылы жүзеге асқандықтан, «Оқу үшін бағалау» мен «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модульдері кіріктіріледі. «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану» модулі мен «Сыр тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің кіріктірілуі ғаламтор желісіндегі «LearningApps.org» сайтында құрастырылған сыни тұрғыдан ойлауға баулитын ойындар арқылы көрініс табуы мүмкін (іздеу-А, В, С, Д дәрумендерінің денсаулыққа пайдасы, Денсаулық туралы мақал-мәтелдер). Оқыту үдерісінде барлық оқушыларды тарту үшін суреттерді интерпретациялауға байланысты түрлі тапсырмалар беріледі. Жоспарлауда басты назар оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға аударылуы тиіс. Ол үшін әр түрлі әдістерді қолдануға болады. Соның ішіндегі ерекшесі – «Сөздер банкісі» әдісі. Ережелерді өткенде, жұрнақтарын жаттау үшін қолдануға болады. Мәтіннен есімше мен көсемше тұлғалы етістіктерді табуға бердік делік. Есімше мен көсемше тұлғалы етістіктерді ажырату үшін, алдымен олардың жұрнақтарын еске түсірту керек.

«Есімше мен көсемшенің жұрнақтарын ажыратындар: -ған, - ген, - қан, -кен (Е), - а, - е, -й (К), - ар, - ер, - р (Е), - атын, - етін, йтін (Е), - ып, -іп, -п (К), -мақ, -мек, -бақ, - бек (Е), -ғалы, -гелі, - қалы, -келі (К). Бұл PowerPoint бағдарламасында жасалады (Сөзді таңдап алу, Настройки анимации – Вылет, (1), екінші сөзді таңдап алып, Настройки анимации – Вылет, (2), сонда алғашқы белгіленген –ған, -ген бірінші шығады, алға пернесін басқаннан кейін екінші белгіленген -атын, -етін шығады). Сонымен қатар, дананың кілттері әдісі тиімді деп есептейміз. Тони Райан жасаған «Дананың кілттері» бірқатар ойлауды талап ететін тапсырмаларды орындауға оқушыларды қызықтыру және тарту үшін арнайы әзірленген жиырма шақты іс-әрекеттер (кілттер) кешені болып табылады. Бірқатар көмекші сұрақтар немесе тапсырмалар оқушылардың талдау жасау, сын тұрғысынан және креативті ойлау қабілетін ашуға арналған кілттер түрінде ұсынылған [4, 27 бет]. Мысалы, «керісінше кілтке» сәйкес, ешқашан орындалмайтын, орындалмаған іс-әрекеттер айтылуы тиіс. Болымсыздық есімдігін өткен кезде, тақтадан суреттер көрсетіп, сөйлем құрастыртуға болады. Мысалы, Париж қаласының суретін көрсетсеңіз, оқушы «Мен ЕШҚАШАН Парижде болмағанмын, бірақ баруды аңсаймын» деп сөйлем құрастыруы ықтимал. Ал «Егер де кілтін» шартты сабақтас құрмалас сөйлемді өткенде қолдануға тиімді. Мысалы, оқушы «егер де мен басшы болсам, ... » деп шығармашылығын дамыта түседі. «Тағы да қалай?» кілті күнделікті қолданылатын заттарды әр түрлі жағдайда пайдалану тізімін жазу үшін қолданылады [4, 28 бет]. Бұл «кілт» қазақ тілі сабақтарында жұрнақ тақырыбын, туынды сөз тақырыбын өткенде, тиімді. Мысалы, зат есімдерді алып, түсіндіріп, жұрнақтарды алып түсіндіріп, олардың негізінде жаңа сөз туынды сөз жасауға болады. «Шы, ші» жұрнақтары мен зат есім (аң+шы, сурет+ші). Аталмыш тапсырмаларда 5 модуль кіріктірілген. «Оқытудағы жаңа тәсілдер» модулінің негізінде диалог дамыса, «Оқуды және оқу үшін бағалау» модуліне сәйкес, қалыптастырушы бағалау жүзеге асады. «Сыр тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің негізінде шығармашылықтары дамиды. «Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай оқыту және оқу» модулінің негізінде тапсырма жас ерекшелігіне сәйкес болуы қажет. «Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану» модулінің негізінде слайд, қима қағаздар қолданылады.

Қорытындылай келсек, қазақ тілі сабақтарында модульдерді тиімді кіріктіре білсек, жан-жақты дамыған тұлға дайындарымыз сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Тиімді оқыту және оқу» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

2. Құлмағамбетова Б., Исанова А., Исинғарина М., Көккөзова М., Құрманғалиева Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы: «Білім» баспасы, 2000, -144 бет

3. Ә.Хасенов, Ш.Бектұров. «Қазақ тілі» оқулығына әдістемелік нұсқау. – Алматы: «Рауан» баспасы, - 1996 ж.

4. «Тиімді оқыту және оқу» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, үлестірме материалдар, 3-апта, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Мырзалиева Жүзікжамал Бекенқызы,
Ахмедина Ақтоты Қабдрашитқызы,
Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның
мұғалімдері

Аннотация

Проблемалық оқыту – ғылыми таным нәтижелерін, білімджер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге нәтижелерге жету жолдарын, баланың таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Аннотация

Проблемное обучение-это не только усвоение результатов научного познания, системы знаний, но и пути достижения результатов, формирование познавательной самостоятельности ребенка, развитие его творческих способностей.

Abstract

Problem learning is not only the assimilation of the results of scientific knowledge, the system of knowledge, but also ways to achieve results, the formation of cognitive independence of the child, the development of his creative abilities.

Түйінді сөз: инновация, цифрлық білім беру, жаңа технологиялар

Ключевые слова: инновации, цифровое образование, новые технологии

Keyword: innovation, digital education, new technologies

Педагогикалық инновация - педагогикалық жүйедегі жаңашылдық. Инновация (лат. innovis) - жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді. Энциклопедиялық сөздіктерде "инновация" әр түрлі анықталады. Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде "Инновация дегеніміз - жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз - тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни, инновация үрдісін мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал "жаңаша" деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз" делінген. Ал, ең алғаш "инновация" ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов: "Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз - білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі" деген анықтаманы ұсынады. Инновация - модификациялық, комбинаторлық, радикалдық инновация деп үш түрге бөлінеді. Модификациялық инновация - бұл, қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған, В.Ф.Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектілері және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. Комбинаторлық инновация - бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. Радикалдық инновацияға білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру - жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегі алғы шарттар қажет: Қоғамның даму қозғалысы мен оның қазіргі

СЕКЦИЯ 3. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

СЕКЦИЯ 3. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Матушевич Л. В., Мендыбаева Ш. Ж., Нерубайская Г. Д., Образование в условиях развития технических средств.....</i>	3
<i>Молдахметов Н. Б., Жолдыбек Г. Ж., Заманауи білім беруде инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану.....</i>	7
<i>Мурзагалиева А. Е., Исследовательская деятельность учителя как способ профессионального развития.....</i>	11
<i>Мухтангалиева М. К., Куржумбаева Г. С., Косназарова А. Р., Жаңартылған білім беру аясында қолданатын тәсілдердің тиімділігі.....</i>	14
<i>Мұхтарұлы Е., Худайбергенов Н. М., Химия сабағында ғылыми-зерттеу әдісі арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.....</i>	19
<i>Міркемел А.М., Қазақ тілі сабақтарында кембридждік оқыту бағдарламасы модульдерінің ықпалдасуы мен тиімді жүзеге асуы.....</i>	22
<i>Мырзалиева Ж. Б., Ахмедина А. Қ., Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар.....</i>	26
<i>Наженова М. А., Акбарова Р. Г., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....</i>	29
<i>Назарова Г. К., Байдешов Д. Б., Булекова А. Е., Қазіргі білімнің дамуы – болашақтың қайнар көзі.....</i>	32
<i>Нугуманова К.А., Stem-образование как платформа современной интеллектуальной техносферы.....</i>	35
<i>Нурахметова К. М., Повышение рефлексивной культуры учителя – залог улучшения практики преподавания.....</i>	40
<i>Нургажанова Р. С., Абусагитова А. С., Касенова А. А., Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....</i>	45
<i>Тыңғазы А. Е., Нургазина А. У., Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту.....</i>	50
<i>Нурсултанова К. А., Кинжекеева Г. М., Оқытуда Clil әдісінің қолдану ерекшеліктері.....</i>	53
<i>Нурушева Г. К., Петренко О. Е., Применение интерактивных методов обучения на уроках истории Казахстана.....</i>	56
<i>Олейник Т. Ю., Использование технологии развития критического мышления и исследовательской деятельности на уроках в начальных классах.....</i>	60
<i>Олейникова Н. В., Шевко И. А., Мелихова Л. Б., Применение инновационных технологий и методов в практике современного учителя.....</i>	65
<i>Омарова С. К., Боканова А. А., Мәтінмен жұмыс жүргізу жолдары.....</i>	68
<i>Рахимова А. А., Психологические особенности использования технологии проектного обучения в начальной школе.....</i>	71
<i>Рахимова Э. Е., Елеусизова Г. Д., Кіріктірілген сабақтардың оқушыларда көптілділік дағдыларын дамытудың тиімді жолдары.....</i>	75